



24.04.2025 ж. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен “Сөз Battle” облыстық зияткерлік ойынында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің “StudMED” командасы III орын иеленді!

Білім мен ой ұшқырлығы сынға түскен тартысты бәйгеде үздіктер қатарынан көрініп, колледжіміздің абыройын асқақтатқан команда мүшелеріне алғыс білдіреміз!

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастыруымен өткізілген Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы «Үздік кәсіби бағдар беруші-2025» облыстық бейнероликтер байқауына директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова Куралай Тлеулесовна, әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Мейрманова Ляззат Касеналиевна, тәжірибе-ісі бойынша әдіскер Артыкова Лескуль Алтынхановна қатысып, жүлделі II орын иеленді.



Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастыруымен өткізілген «Педагогикалық пульс: жас педагог дауысы» атты I Республикалық форум жұмысына қатысып, іс-тәжірибесімен бөліскені үшін Ыбрайымжан Әдемі Арманқызы сертификатпен марапатталды.



Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім мекемелері мен ұйымдары қызметкерлері арасында «Тәуелсіз елдің спорт сүйер ұстаздары» атты IX облыстық спартакиадасында волейболдан төрешілік қызметін атқарып, «Үздік төреші» номинациясына I дәрежелі төреші Досжанова Марианна Турдалиевна ие болды. Құттықтаймыз!



01.05.2025 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы және Қазақстан халқының бірлігі күні аясында қала тұрғындары арасында «Бірлік жарысы» атты жеңіл атлетикалық жүгірісінде 30-49 жас ерекшелігінде ерлер арасында жарыс өтті. Бірінші орынды Жамбыл жоғары медициналық колледжі атынан қатысқан Калюжный Андрей I орынды иеленді. Жетекшісі Надиров Абылай.

М.Х. Дулати атындағы Тараз Университеті ұйымдастыруымен өткен Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Үстел теннисі» спорт түріне 2 курс студенті Қайратқызы Гүлнұр қатысып, жүлделі II орын иеленді, жетекшісі Айнакулов Малик Кырыкбаевич Алғыс хатпен марапатталды.



Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі ұйымдастыруымен өткен «Заң және тәртіп» атты жастар арасында Тараз қаласының ашық турниріне «Ләңгі» спорт түріне курс студенті Қуандық Нұржігіт қатысып III дәрежелі дипломмен марапатталды, «Асық ату» спорт түріне курс студенті Лес қалдан қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Құттықтаймыз!

САРЫСУ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ КУБОГІ – ЖАЙДАРМАН ЖАНАТАСТА!
«Емдеп аламыз» құрамасы – II-орын

02.05.2025 ж. Сарысу аудандық мәдениет үйінде тәжірибелі командалардың қатысуымен өткен көңілді де әсерлі Жайдарман ойындары өткізілді! Бұл сайыста көрермендер жоғары деңгейдегі әзіл-қалжың мен тапқырлықтың куәсі болды. Аталған сайысқа Жамбыл жоғары медициналық колледжінің намысын қорғап, ерекше көңіл-күй сыйлаған «Емдеп аламыз» құрамасы қатысып, өзіндік ерекше стилімен, шынайы харизмасымен жоғары деңгейде өнер көрсетіп, 2-орынға ие болды! Құттықтаймыз!



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ЖӘРМЕҢКЕ
«Мамандық таңдаудағы дұрыс қадам» атты жәрмеңке өткізілді.

01

КЕЗДЕСУ
«Сенде бір кірпіш дүниеге» тақырыбындағы түлектермен кездесу кеші өткізілді.

02

«LESSON STUDY БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАСЫ. ЖАПОНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ»

03

ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ
Жас мамандар мектебінің кезекті отырысы өткізілді.

04

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

05

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

06

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

07

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

08

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

09





1 | КЕЗДЕСУ



11.04.2025 ж. «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Б» корпусында «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына» орай колледж түлектеріне «Мамандық таңдаудағы дұрыс қадам» тақырыбындағы бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: колледж түлектерінің жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасау, түлектердің қоғам алдындағы үлкен жауапкершілігін қалыптастыру, түлектердің мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Жәрмеңкеге Тараз қаласы мен Жамбыл аудандарынан жұмыс беруші медициналық ұйымдарынан басшылар мен мамандар келді.

Колледж түлектері медициналық ұйымдардан келген мамандармен сұхбаттасып, мамандыққа қажеттілік пен керекті құжаттарымен танысып қайтты.

Жауапты: директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т., тәжірибе бөлімінің әдіскерлері Артыкова Л.А., Батанова А.Е.



18.04.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «2025 жыл - Жұмысшы мамандықтар жылына» орай колледж түлектерімен «Сенде бір кірпіш дүниеге» тақырыбындағы түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кездесудің мақсаты:

Медицина саласындағы түлектермен кездесіп, болашақ маманның негізгі қызметімен, даму перспективаларымен, жұмыс берушінің мамандарға қоятын талаптарымен танысу.

Медицина саласындағы түлектердің тәжірибесімен бөлісу, студенттерге кәсіби бағыт-бағдар беру. Бітіруші студенттерге жаңа жұмыс орнына орналасу үшін қажетті ақпараттармен таныстыру, көкейкесті мәселелерді талқылау.

Кездесу кешіне Тараз қаласы бойынша медициналық ұйымдардың бас дәрігерлері және дәрігерлері қатысты. Кездесу кешін ұйымдастырған: директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т., тәжірибе бөлімінің әдіскерлері Артыкова Л.А., Батанова А.Е.



2 | «LESSON STUDY ЖАПОНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ»



ҚР техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің мамандарын даярлауды жетілдіру бойынша тәжірибе алмасу, білім беру бағдарламаларын игерудің жаңа технологиялары және оларды дамыту перспективаларымен танысу

мақсатында CIEI халықаралық білім беру және инновациялар орталығы мен Marshall Cavendish Education бірлесіп ұйымдастырылған «Lesson Study білім беру практикасы және әдіснамасы. Жапония тәжірибесі» тақырыбында колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна мен «Мейіргер ісі» мамандығы бөлімінің бөлім меңгерушісі Айдралиева Асел Болатовна халықаралық тағылымдамадан өтті. Тағылымдама бағдарламасының аясында «Japan Education Foundation» Жапонияның білім беру қоры мен Жамбыл жоғары медициналық колледжі арасында халықаралық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған құжат тараптардың медициналық білім беру саласындағы өзара тиімді серіктестікті нығайтуға, бірлескен жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасайды. Жаңа жетістіктерге бастар жол болғай!

3 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІНІҢ ОТЫРЫСЫ

29.04.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде оқу-әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен «Оқытушылардың педагогикалық және психологиялық мәдениеті» тақырыбында жас мамандар мектебінің отырысы өтті.



Күн тәртібінде:

«Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда әдіс –тәсілдерді қолдану» тренинг сабақ (15-20 минуттық)

Жауапты: «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті» пәнінің оқытушысы Абдалимова З.И.

«Ағылшын тілі пәнін оқытуда

әдіс –тәсілдерді қолдану» тренинг сабақ (15-20 минуттық)

Жауапты: «Ағылшын тілі» пәнінің оқытушысы Тойланбаева Қ.А.

Жұмыс жоспарын дайындау бойынша практикум

Жауапты: әдіскер Коконбаева А.К.

Психологиялық тренинг

Жауапты: Колледж психологы Сүйінбекұлы К.



4 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

09.2025 жылдың 4–5 сәуірде Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен қатар Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК ұйымдастыруымен колледждің симуляциялық орталығында операциялық мейіргерлерге арналған «Сынықтарды емдеудің заманауи принциптері. Травматология мен ортопедиядағы операциялық мейіргердің негізгі білімі мен дағдылары» тақырыбында Ресей травматологтары мен ортопедтерінің қатысуымен Мастер –класс жоғары деңгейде өтті.

«Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамтамасыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық орталығы» КЕМ (ЕСА) ұйымдастыруымен «Қосымша және бейресми білім беруді (үздіксіз кәсіптік даму) институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін сараптамалық бағалау: Сарапшылардың (оқытушы, жұмыс беруші, студент) рөлі мен құзыреттері (3 сағат)» тақырыбында колледж базасында семинар өткізілді. Семинарда орталықтың бас директоры Сарсенбаева Сауле Сергазиевна баяндама жасап, «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК директорының оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Ляззат Тураровна сарапшы Сертификатын иеленді.

Іс-шараны колледж директоры Жумахан Мукашович Молдакулов қорытындылап, барлық қатысушылар мен қонақтарға алғыс білдірді.



«Өркениет» ғылыми – әдістемелік орталығы ұйымдастыруымен «Қазақ хандығы» тақырыбында Республикалық үздік педагогикалық идея байқауына авторлық бағдарлама ұсынғаны үшін колледж оқытушылары Калымбетова Жанна Бахытовна, Ахметбекова

Раушан Мухтарбековна І дәрежелі дипломмен және сертификатпен марапатталды.

Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК ұйымдастыруымен «Адам анатомиясы және физиологиясы» пәні бойынша өткен Халықаралық online-олимпиадасына «Емдеу ісі» 220 топ студенттері Исманов Миразиз Миршакирович, Темірханқызы Томирис қатысып, ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жетекшілері: Шаймерден Қазына Саматқызы, Жұмашов Арнат Бағанұлы, Таңат Гүлзат Берікбайқызы.



6 | «АНАТОМИЯ ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ ҮЗДІГІ - 2025» БАЙҚАУЫ

М.Х.Дулати атындағы Тараз Университетінде «Тарих» кафедрасының «Глобус» студенттік ғылыми үйірмесі ұйымдастырған «Жасыл энергия және оның планетаның болашағындағы рөлі» тақырыбындағы конференцияға 118ЕФ-9/24 тобының студенті Ерناзар Аружан қатысып, ІІ дәрежелі дипломмен, жетекшісі

география пәнінің оқытушысы Даулетбекова Айгүл Боранбекқызы алғыс хатпен марапатталды.



18.04.2025 ж. М.Х. Дулати атындағы Тараз Университеті философия және саясаттану кафедрасы «Логос» студенттік ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен «Қазіргі қоғамдағы отбасының рөлі» атты ғылыми-танымдық конференциясына «Мейіргер ісі» 102 топ студенті Жанат Жансая Болатқызы қатысып, І дәрежелі

дипломмен, жетекшісі Иманалиева Гаухар Жанатовна тарих пәнінің оқытушысы алғыс хатпен марапатталды.



Қазақстан медициналық колледждер одағының басшылығымен, Астана қаласы “Шипагер” медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткізілген “Үздік фельдшер” Республикалық кәсіби сайысына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ІV

– курс студенттері Мамуд Оғлы Сания Фезлеевна, Аллахверановна Лейла Эльдарқызы, Файзуллаева Лимара Илимдаровна қатысып, ІІ- дәрежелі дипломдармен және сертификаттармен марапатталды. Жетекшісі Бешли Оғлы Хусейн Биналиевич.

Қазақстан медициналық колледждер одағының басшылығымен, Астана қаласы “Шипагер” медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткізілген “Үздік фельдшер” Республикалық кәсіби сайысына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің ІV – курс студенттері Нукежан Мади Даулетұлы, Бабалы Күмісай Ержанқызы, Рүстембек Айым қатысып, І- дәрежелі дипломдармен және сертификаттармен марапатталды, жетекшісі Мұратова Жадра Мұратқызы.

